

Петропавл қаласы әкімдігінің "Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Қарттар мен мүгедектерге арналған жалпы үлгідегі мемлекеттік дәрігерлік-әлеуметтік мекемелерде әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар ресімдеу" мемлекеттік қызмет көрсету стандартын бекіту туралы" 2007 жылғы 11 желтоқсандағы N 1966 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 8 қыркүйекте N 1514 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының әділет басқармасында 2008 жылғы 9 қазанда N 13-1-129 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 31 тамыздағы N 1825 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2012.08.31 N 1825 Қаулысымен**

Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы N 213-І Заңының 28-бабына сәйкес, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Петропавл қаласы әкімдігінің»"Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"»мемлекеттік мекемесінің»"Қарттар мен мүгедектерге арналған жалпы үлгідегі мемлекеттік дәрігерлік-әлеуметтік мекемелерде әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар ресімдеу»мемлекеттік қызмет көрсету стандартын бекіту туралы" 2007 жылғы 11 желтоқсандағы N 1966 қаулысына (2008 жылғы 11 қаңтардағы мемлекеттік тізілімде тіркелген N 13-1-90, "Проспект СК"»газетінің 2008 жылғы 1 ақпандағы N 5-6 сандары, " Қызылжар нұры"»газетінің 2008 жылғы 1 ақпандағы N 5 саны) мынадай өзгерістер енгізілсін:

12 тармақ мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"12. Мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

- 1 ) ө т і н і ш ;
- 2 ) ж е к е к у ә л і к ;
- 3) салық төлеушінің тіркелу нөмірі берілгені туралы куәлік;
- 4) әлеуметтік жеке код берілгені туралы куәлік;
- 5) медициналық карта;
- 6) амбулаторлық картаның көшірмесі;
- 7) зейнеткерлік куәлік (зейнеткер жастағы тұлғалар үшін);

8) Ұлы Отан соғысының мүгедектері, қатысушылары және соларға теңестірілген тұлғалар мәртебесін растайтын куәлігі (Ұлы Отан соғысының мүгедектері, қатысушылары және соларға теңестірілген тұлғалар үшін);  
мүгедектер үшін қосымша:

9) мүгедектігі туралы анықтамадан жазылған үзінді көшірмесі;

10) мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасынан жазылған үзінді көшірмесі;

"Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі, жұмыс және қабылдау кестесі: дүйсенбіден жұмаға дейін (жұманы қоса) сағат 9.00- ден сағат 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден сағат 14.00-ге дейін, мекенжайы: Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Казахская правда, 35 үй, N 10, N 11, N 12, телефондары: 34-45-70, 31-11-27."

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің бірінші орынбасары Ә.З. Сәрсембаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімінің м.а.*

*Т. Құлжанова*